ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№80
(2458)
Сенбі
10 қазан
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫЛЫҚ ҰСТАЗДАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Қазалы ауданында ұлағатты ұстаздар қауымының кәсіби мерекесіне орай «Ұстаз мәртебесі - ұлт мерейі» атты мерекелік салтанатты шара өтті.

Әйтеке би кентіндегі Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейде өткен мерекелік шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, барша білім саласының қызметкерлері мен ардагерлерін мерекемен құттықтады.

— Мұғалім болу – жай ғана мамандық емес. Бұл – адам тағдырына әсер ететін, ұлттың болашағына тікелей ықпал ететін қасиетті жол. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұстазды қадірлей білу – өркениетті қоғамға тән қасиет. Біз ұлт сапасын арттырамыз десек, бірінші кезекте мұғалімдерге барынша қолдау көрсетуіміз керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным», – деген болатын. Соңғы жылдары қасиетті Сыр өңірімен қазыналы Қазалы ауданында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың, Үкіметтің, бұған дейін аймағымызды төрт жылдан астам басқарған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының ерекше қолдауымен және облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының басшылығымен білім саласында ауқымды жобалар мен тың бастамалар жүзеге асырылуда.

Өздеріңіз білесіздер, өткен жылы Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр аулында 300 орындық «Келешек мектебі» пайдалануға берілді. Биыл аудандағы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту мақсатында 6 мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстарына 270 миллион теңге қаржы бөлініп, білім ошақтарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстардың барлығының түпкі мақсаты бір – оқушыға сапалы білім беру. Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның тірегі болатын жауапты әрі адал азаматтарды тәрбиелеу жолындағы адал еңбектеріңізге табыс, өздеріңізге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық ізденіс пен кәсіби абырой тілеймін!

Шәкірттеріңіздің жүрегіне әрдайым жол тауып, мерейлеріңіз үстем болсын, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Бұдан кейін білім саласында толағай табысқа жетіп, шәкірттерді шыңға шығарып жүрген бірқатар ұстаздар марапат төрінен көрінді. Олар облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың, аудан әкімінің, облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, ауданның білім саласында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен сала ардагерлеріне 75, 80 жас мерейтойларына орай мерекелік құттықтаулар табысталды. Мерекеде сахна төріне аудан әкімінің ықылас гүлі шығарылып, барша ұстаздарға құрмет көрсетілді.

Ұлағатты ұстаздардың мерейін үстем еткен көңілді кеште аудан өнерпаздары мен өнерді жанына серік еткен ұстаздар мен өнерлі оқушылар ән-күйден шашу шашып, көпшіліктің көңілін бір серпілтіп тастады.

Айта кетейік, бүгінде ауданымызда 37 білім ошағы, ал жалпы ауданымыздағы білім беру ұйымдарында 2500-ден астам ұстаз жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде толымды жұмыс атқарып келеді.

АРДАГЕР СПОРТШЫ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ



2026 жылғы 6-11 қазан күндері Иордания Хашимит Корольдігінің астанасы Амман қаласында грек-рим күресінен ардагерлер арасында Әлем чемпионаты өтуде.

Байрақты бәсекеде қазалылық ардагер спортшы Оспан Самат Қобыландыұлы 62 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, Әлем чемпионы атанды.

Самат Қобыландыұлы – №17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің грек-рим күресі бөлімшесінің жаттықтырушысы.

Ол бұған дейін үш мәрте Әлем чемпионатының жүлдегері атанып, ел мерейін үстем еткен болатын. Бұл жолы тәжірибесі мен шеберлігін тағы бір мәрте дәлелдеп, дүбірлі додада чемпиондық тұғырдан көрінді.

Бұл – спортшының жеке жетістігі ғана емес, Қазалы ауданының спорт мектебі мен жас балуандары үшін үлкен үлгі әрі зор мақтаныш.

Жерлесімізді тарихи жеңісімен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда да биік белестерді бағындырып, ел абыройын асқақтата беруіне тілектестік білдіреміз!

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

МЕРДІГЕРЛЕРГЕ ҚҰЫЛЫСТЫ САПАЛЫ ӘРІ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАУДЫ ТАПСЫРДЫ



Қазалы ауданында халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасып келеді.

Биыл аталған мақсатқа республикалық бюджеттен 3 млрд. 94,5 млн. теңге бөлініп, 21 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде 50 пәтер пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентіндегі әлеуметтік осал топтарға арналған тұрғын үйлердің құрылысын аралап, нысандардың қазіргі жағдайын көрді.

Қазіргі таңда тұрғын үйлердің шатыр жабу жұмыстары аяқталып, ішкі, сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан басшысы құрылыс сапасына ерекше мән беріп, мердігерлерге жұмыстарды созбалаңға салмай, сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Жауапты сала басшыларына тұрғын үйлерді қабылдау кезінде барлық құрылыс талаптарының сақталуын, тұрғындарға дайын баспаналарды сапалы күйде ұсынуды міндеттеді.

Айта кетейік, өткен жылы ауданда халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 2 пәтерлі 40 тұрғын үй сатып алынып, 80 отбасыға жаңа баспана табысталған болатын.

ҚОЖАБАҚЫ АУЫЛЫНДАҒЫ КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есманов Қожабақы аулына жұмыс сапары кезінде елді мекен маңындағы аудандық маңызы бар жолдың 32,1 шақырымында орналасқан темірбетон көпірді қайта жаңғырту жұмыстарының сапасын бақылады.

Бұған дейін елді мекендегі ескі көпір техникалық тексеру нәтижесінде апатты жағдайда деп танылып, қолданыстағы нысанды толық бұзып, орнына жаңа көпір салу туралы шешім қабылданған болатын. Қазіргі таңда мердігер мекеме «Гүлнұр МК» ЖШС құрылыс жұмыстарын қарқынды жүргізуде.

Қазіргі уақытта көпірге кірме жолдардың жер төсемі көтеріліп, бетон құю жұмыстары атқарылды. Көпірдің 5 дана темірбетон плитасы орнатылып, бетон жамылғысының үстіне арматура құрастыру жұмыстары толық аяқталды. Келесі кезеңде кірме жолдарға қиыршық тас төсеу, оны тегістеу және нығыздау жұмыстары жүргізіліп, кейін асфальт бетон жабындысы төселетін болады.

Жоба бойынша жаңа көпірдің ұзындығы 21,6 метр, ені 7 метр. Нысанның құрылыс мерзімі 6 айды құрайды, жобаның жалпы құны 382,7 млн. теңге. Құрылыс кезеңінде көлік қозғалысының үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін ұзындығы 403 метр айналма жол салынған.



Аудан әкімі аталған нысандағы құрылыс жұмыстарының сапасына, жобалық талаптардың қатаң сақталуына маңыз беріп, осы қазан айының соңына дейін көпір құрылысын

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНІҢ ШЕТ АУМАҒЫНДА ЖАППАЙ ТАЗАЛЫҚ ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Аудан орталығы – Әйтеке би кентінің шеткі аумақтарында жаппай тазалық жұмыстары ұйымдастырылды.

Тазалық шарасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық тазалық акциясы аясында өткізілді. Негізгі мақсат – елді мекеннің санитарлық тазалығын сақтау, қоршаған ортаны абаттандыру және тұрғындар арасында тазалық мәдениетін қалыптастыру.

Кенттегі тазалық жұмыстары Қазақ қорымы аумағындағы Әбдіраман Елубаев көшесінде жүргізілді.



Шараға мекемелермен кәсіпорындардың қызметкерлері мен жұмысшылары, тұрғындар белсенді қатысты.

Тазалық шарасында шашылған күл-қоқыстар жиналып, ретсіз өскен шөптер шабылды. Жиналған қоқыстар арнайы орындарға шығарылып, аумақ санитарлық талаптарға сай тазартылды.

Тазалық жұмыстарына аудан әкімі Алмасбек Есманов қатысып, көпшілікпен бірге аумақты тазалауға атсалысты.

Жалпы шараға мекемелер мен кәсіпорындардан 300-ден астам адам қатысып, 3 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 20 тоннаға жуық қоқыс арнайы орындарға шығарылды.

Тазалық – бір күндік науқан емес, қоршаған ортаға деген ортақ жауапкершілік. Осы бағыттағы жұмыстар аудан аумағында тұрақты түрде жалғасын табады.

Барша аудан тұрғындарын туған жердің тазалығына атсалысуға шақырамыз!

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ЦИФРЛАНДЫРУ, ЖЫЛУ БЕРУ, ВЕТЕРИНАРИЯ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте жылу беру маусымы мен «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясын іске асыру мәселесі қаралды. Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Облыс әкімінің төрағалығымен өткен мәжілістен кейін аудан әкімі аймақ басшысының тапсырмаларына сәйкес ауданда атқарылатын жұмыстарды саралап, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Мәжілісті бастамас бұрын аудан басшысы орын алған кадрлық өзгерістерге тоқталып, 4 қазанда өткен «Аранды», «Құмжиек» ауылдық округтері әкімдерінің сайлау қортындысымен таныстырды. Сайлау нәтижесінде «Аранды» ауылдық округінің әкімі болып Томаев Әбілғазы Аймағанбетұлы, ал «Құмжиек» ауылдық округінің әкімі болып Нағашыбаев Мұратбек Тұңғышбайұлы сайланғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясын іске асыруда жауапты



сала басшыларына цифрлық мемлекеттік қызметтердің үлесін арттыру, қағаз түріндегі қызметтерді азайту, тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстарды күшейту тапсырылды.

Жиында каналдарды бетондау жұмыстары мен әлеуметтік осал топтарға арналып салынып жатқан тұрғын үйлер туралы мәселелер де қаралды. Су шаруашылығы бойынша «Климаттық орнықты су ресурстарын дамыту 2-кезеңі» жобасы аясында ауданда жалпы ұзындығы 113,7 шақырымды құрайтын 14 каналды бетондау жобасы қаржыландырылуға ұсынылған.

Аудан әкімі аталған жобалардың қаржыландырылуын бақылауға алуды, сондай-ақ, аудандағы әлеуметтік осал топтарға арналған тұрғын үйлердің құрылысын белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқтау жөнінде жауаптыларға нақты тапсырмалар берді.

Жиында алдағы 2026-2027 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық барысы да қаралды. Ауданға тамыз-қазан айларында 3300 тонна көмір жеткізу жоспарланса, қазіргі таңда 1932 тоннасы жеткізілген. Осыған байланысты жауаптыларға қатты отын қорын толықтыру және көмір жеткізуді жеделдету тапсырылды. Бұдан бөлек, Басықара аулындағы №182 мектептің қазандығын газ отынына бейімдеу жұмыстарын аяқтау, биыл табиғи газға қосылатын елді мекендердегі әлеуметтік нысандарды жылыту маусымына дайындау міндеттелді.

Мәжілісте ветеринария саласындағы мәселелер де талқыланды. Ауданда биыл үй жануарларынан 103 адамның жарақат алғаны тіркелген. Осыған байланысты қаңғыбас жануарларды аулау және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жұмысты күшейту тапсырылды. Сондай-ақ, аудан бойынша 14 типтік мал қорымын салу, қолданыстағы мал қорымдары мен мал тоғыту ванналарын ретке келтіру, санитариялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері кеңінен талқыланды.

Жиын соңында аудан басшысы елді мекендердің санитарлық тазалығы мен абаттандырылуын, Әйтеке би кентімен Қазалы қаласындағы түнгі жарықтандыру жүйесінің жағдайын сынға алып, анықталған кемшіліктерді 3 күн мерзімде жоюды тапсырды.

ЖАҢА ТИПТІК ЖОБАДАҒЫ МАЛ ҚОРЫМДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қазалы ауданында елді мекендердегі ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мал өлекселерін белгіленген талаптарға сәйкес көмуге арналған арнайы типтік жобадағы мал қорымдарының құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Жалаңтөс батыр, Басықара ауылдарында салынып жатқан типтік жобадағы мал қорымдарының құрылыс жұмыстарымен танысты.

Қазіргі таңда Қазалы ауданында 8 типтік жобада салынған мал қорымы тиісті кәсіпорындардың теңгерімінеберілген. Олар Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласында, бірқатар ауылдық округтерде орналасқан. Сонымен қатар, 2026-2027 жылдары ауданның 14 елді мекенінде жаңа типтік мал қорымдарын салу жоспарланған. Әр нысанның құрылыс құны 24,5 млн. теңгені құрайды.

Бүгінде Әйтеке би кенті мен 10 ауылдық округте құрылыс жұмыстары басталып, мал қорымдарының шұңқырларын қазу, бетондау және қоршау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, «Майдакөл», «Алға», «Өркендеу», «Қызылқұм», «Тасарық», «Бозкөл», «Аранды», Басықара, «Майлыбас», «Қарашеңгел» ауылдық округтерінде жұмыстар атқарылуда. Ал, «Бірлік», «Сарыбұлақ», «Ақжона» ауылдық округтеріндегі мал қорымдарының құрылысы 2027 жылы басталады деп жоспарлануда.

Екі елді мекендегі нысандарды аралаған аудан әкімі құрылыс жұмыстарының сапасы мен жобалық талаптарға сәйкестігіне назар аударды. Жауапты сала басшылары мен мердігерлерге құрылыс жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.



Алдағы уақытта жаңа мал қорымдарының іске қосылуы ауданның ветеринариялық қауіпсіздігін күшейтіп, елді мекендерде санитариялық талаптардың сақталуына мүмкіндік беретінін айтқан аудан басшысы, нысандардың санитариялық және ветеринариялық талаптарға толық сәйкес болуын қамтамасыз етуді ескертті.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК!



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ, заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар, жауапкершілікті талап етеді. Ал, ең бастысы адамды адамкершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық Конституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау полковнигі

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ

Өрт-бұл әрқашанда қасірет. Алайда, өрт болған жағдайда мінез-құлықтың қарапайым ережелерін бәрі бірдей біле бермейді. Тіпті 101 өрт сөндіру қызметінің нөмірі дүрбелеңмен ұмытылады. Қиын жағдайда Сізге көмектесетін бірнеше қарапайым кеңестердің бірі ешқашан дүрбелең болмаңыз!

Бірінші кезекте тұрғын үй секторындағы өрттердің туындауының негізгі себептері мыналар екенін білу қажет:

-отпен байқамай әрекет қылу (темекі шегу, от жағу және тағы басқа);

-электр жүйесін, электр құралдарын, электртұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электрлік жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электртұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс істеуі, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу);

- пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы;

-балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және тағы басқа, сіріңкемен, күн түсетін заттармен ойнауы);

-өртеу, өрт жіберу.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет:

- шұғыл «101» немесе «112» телефондарына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз;

-өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз;

-өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары

Өрттің туындауының алдын-алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

-тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарап, 3 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

-тек зауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

-үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы тиіс;

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 метрден кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

-әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см. кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлықпен қарап, сақ болыңыздар!

Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімі

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Қазақстанда жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен (ӘРПК) реттеледі.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Жеке және заңды тұлғалардың жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы келіп түскен және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес түскен өтініштері осы Заңда белгіленген тәртіппен қаралуға тиіс.

Өтініштердің негізгі түрлері

• Арыз: Құқықтар мен заңды мүдделерді іске асыруға жәрдемдесу туралы өтініш.

• Шағым: Бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді талап ету.

• Сұрау салу (сауал): Қызығушылық туғызатын мәселелер бойынша ақпарат алу туралы өтініш.

• Ұсыныс және үн қосу: Қызметті жетілдіруге арналған пікірлер.

Өтініш беру - eGov.kz электрондық үкімет порталы немесе «e-Otinish» жүйесі арқылы ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) қолданып жолданады.

Қарау мерзімдері

• Жалпы мерзім: Өтініш келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралады.

• Ұзарту: Қосымша зерделеу қажет болған жағдайда, мерзім басшылықтың шешімімен екі айға дейін ұзартылуы мүмкін.

• Шағымды қарау мерзімі: Әкімшілік орган шағымды 20 жұмыс күні ішінде қарайды.

Өтініштерді ресімдеу талаптары

1. Өтініш құзыретіне өтініште қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жіберілуге тиіс.

2. Жеке тұлғаның өтінішінде – оның тегі, аты, сондай-ақ, қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның өтінішінде оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке өтініш беруші немесе электронды сандық қолтаңбамен расталуы тиіс.

Шағым жасалған кезде іс-әрекетіне шағым жасалып отырған субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі және аты-жөні, өтініш жасау себептері мен талаптары көрсетіледі.

Сабит ТЕНЕЛ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жоспарлау және талдау бөлімінің басшысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**